

**Бейімбет Майлин ауданының аумағындағы № 1, № 2, № 4 ұңғымалар учаскесінде "Викторовское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 7 қыркүйектегі № 394 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 қазанда № 3850 тіркелді. Тақырып жана редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 543 қаулысымен. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**РҚАО ескертпесі:**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жана редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының аумағындағы № 1, № 2, № 4 ұңғымалар учаскесінде "Викторовское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

**КЕЛІСІЛГЕН:**

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі директорының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Ю. Севостьянов

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ А. Карабаев

Әкімдіктің  
2012 жылғы 7 қыркүйектегі № 394  
қаулысына қосымша

**Бейімбет Майлин ауданының аумағындағы № 1, № 2, № 4 ұңғымаларының учаскесінде "Викторовское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I-белдеу		II-белдеу		III-белдеу	
	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы
№ 1, № 2 ұңғымалар	Радиусі-әр ұңғыманың айналасында 50 метр	1,44 гектар	Радиусі –67,45 метр	2,0221 гектар	Радиусі– 337,25 метр	38,63 гектар
№ 4 ұңғыма	Радиусі-ұңғыманың айналасында 25 метр	0,9287 гектар	Радиусі –46,27 метр	0,672 гектар	Радиусі– 231,35 метр	16,775 гектар

**Ескерту: алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

